

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
«МОНТЕССОРИЯ»  
балалар интеллектуалды және  
шығармашылық дамыту орталығы»



Товарищество с ограниченной ответственностью  
«МОНТЕССОРИЯ»  
центр интеллектуального и творческого  
развития детей»

070018, Қазақстан Республкасы, Өскемен қаласы,  
Әуезов даңғылы, 10. Тел: +7-771-051-55-15  
e-mail: [montessoriya@gmail.com](mailto:montessoriya@gmail.com), [www.montessoriya/kz](http://www.montessoriya/kz)

070018, Республика Казахстан, город Усть-каменогорск,  
проспект Ауэзова, 10. Тел: +7-771-051-55-15  
e-mail: [montessoriya@gmail.com](mailto:montessoriya@gmail.com), [www.montessoriya/kz](http://www.montessoriya/kz)

БЕКІТЕМІН:



"Монтессория" балалар интеллектуалды  
және шығармашылық дамыту  
орталығы" жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігінің директоры  
Мухаметкалиева Ж.З.

Балаларды интеллектуалды және шығармашылық даму «Монтессория» орталығы

Ұйымдастырылған сурет салу оқу қызметінің перспективалық жоспары

(кіші топ)

<i>Өтпелі тақырып</i>	<i>Апталық тақырып</i>	<i>Ұйымдастырылған оқу қызметінің міндеттері</i>	<i>Сағат саны</i>
<b>Балабақша</b>	Менің балабақшам	Үш саусақпен қарындашты дұрыс ұстауға тігінен сызықтар сызуды үйрету. Қағаз, қарындашпен таныстыру. Ұсақ саусақ моторикасын дамыту. Қарындашпен жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыру. Үстелде дұрыс отырып сурет салуға, ептілікке тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Қош келдің, Алтын күз!	Күз туралы түсінік беру, табиғаттағы құбылыстармен таныстыру. Түрлі түсті қарындашпен таныстыру, қарындашты дұрыс ұстауды, сызық сызуды үйрету. Қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Менің сүйікті ойыншық-тарым	Балаларға тік және көлденең сызықтар сызуды үйрету. Қағазбен таныстыру. Қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Менің достарым	Гуашь бояуымен таныстыру, сөрелерді бояуды, бояуды түзу жолақшаларға бірыңғай етіп жағыс жағуды үйрету. Қылқаламмен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, тұстану қабілеттерін дамыту. Жұмыста ұқыпты болуға тәрбиелеу.	<b>1</b>
<b>Менің отбасым</b>	Менің отбасым Ата-аналар еңбегі	Қолда қарындашты дұрыс ұстауға, таяқшалардың суретін салуды, ұзын тік сызықтарды жүргізуді үйрету. Сурет салу қызығушылықтарын қалыптастыру, балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Әдемілікті көруге тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	Қарындашты үш саусақпен дұрыс ұстап отырып, қағаз бетінде солдан оңға қарай және жоғарыдан төмен қарай сызық жүргізуді үйрету. Балалардың саусақтарының бұлшық еттерін дамыту. Абай болуға тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Жомарт күз	Гуашьпен, қылқаламмен таныстыруды жалғастыру, онымен дөңгелек пішінді заттың суретін салуды үйрету. Бояу түсін таңдай білулерін, қолдың қимыл қозғалысын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Менің көшем	Қағаз бетіндегі кеңістікке дұрыс орналастырып, қылқаламмен сурет салуға үйрету. Балалардың бақылағыштықтарын дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілігін тәрбиелеу	<b>1</b>
<b>Дені саудың жаны сау</b>	Өзім туралы	Фломастер құралымен таныстыру. Фломастермен түрлі бағытта түзу сызықтар салуды, күннің суретін салуды үйрету. Қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. Жағымды эмоция тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Дұрыс тамақтану	Дәрумендер туралы білім беру. Мақта таяқшасымен таныстырып, онымен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, дөңгелек пішінді дәрумен салуды үйрету. Түстерді ажырата	<b>1</b>

		білуді дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.	
	Өзіңе және өзгелерге көмектес.	Фломастерді дұрыс ұстап, тік және көлденең сызықтар жүргізуді үйрету. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Қайырымды болуға тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Біз күштіміз, ептіміз	Қарындашты дұрыс ұстауға, тұйықталған сызықтарды жүргізуді үйрету. Түрлі түсті қарындашты пайдаланып кілемді безендіруге үйрету. Дөңгелек пішінді затты айыра білу біліктіліктерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	<b>1</b>
<b>Менің Қазақстаным</b>	Тарихқа саяхат ҚР Тұңғыш Президенті	Гуашь бояуын пайдаланып қылқаламмен бояуға үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін кеңейту. Сурет салуға деген ынтасын арттыру, бояу түстерін ажырата білу, дағдыларын жетілдіру. Қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. Ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Тәуелсіз Қазақстан ҚР мемлекеттік рәміздері	Тік төртбұрыш пішінді кілем салуды үйрету. Қылқаламмен бояуды жетілдіру. Дүниетанымын қалыптастыру, көз мөлшерін дамыту. Отанды сүйуге, ұқыпты болуға тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Жайнай бер, Қазақстаным!	Поролон батырмасымен өрнектерді көйлекке салуды үйрету. Қол моторикасын, қиялдарын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Жаңа жылдық сыйлық	Жаңа жыл мейрамы туралы білетіндеріне сүйене отырып, шырша шамдарының мақта таяқшасымен суретін салуға үйрету. Саусақтарының икемдіктерін дамыту. Әсемдікке, оны сезінуге тәрбиелеу.	<b>1</b>
<b>Табиғат әлемі</b>	Қош келдің, Жаңа жыл!	Бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы суретті бояуға үйрету. Танымдық қабілеттерін дамыту. Әдемілікті көруге тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Жануарлар әлемі Аңдардың қысқы тіршілігі	Жануарлар әлемімен таныстыруды жалғастыру, қоянның тіршілігі туралы түсінік беру. Қылқаламмен жағыс жасап бояуды үйрету. Танымдық қабілеттерін дамыту. Жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Қыстайтын құстар	Қағаз бетіне нүктелерді фломастер, мақта таяқшасымен түсіруді үйрету. Құстардың қимыл-қозғалыстарын ажырата білуге дағдыландыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Құстарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.	<b>1</b>
		Балаларға қыс мезгілі, қыс қызықтары туралы білім беру. Қар кесегін қылқаламмен	

	Ғажайып қыс	салуға үйрету. Өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамыту. Танымдық қызығушылықтарын дамыту. Шымыр болуға тәрбиелеу.	<b>1</b>
<b>Бізді қоршаған әлем</b>	Өлі табиғат құбылыс-тары	Дөңгелек пішіндес заттың суретін салуға, әр түрлі сызықтар сызуға үйрету. Пішіндерді, түстерді атау дағдыларын жетілдіру, көз мөлшерлерін дамыту. Ұқыпты болуға тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Көліктер	Көліктер туралы білім беру. Машина бөліктерімен таныстыру. Салыстыру дағдыларын қалыптастыру, байқағыштықтарын дамыту. Қайырымды болуға тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Техника және біз	Балаларды электроника әлемімен таныстыру. Пульттың суретін салуға үйрету. Түстерді қабылдауға дағдыландыру, ойлауға, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қауіпсіздікті сақтауға тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Мамандықтың бәрі жақсы	Балаларды адамдар еңбегімен таныстыру. Қылқаламмен үзік сызықтарды кеңістікте дұрыс орналастыра сызуды үйрету. Ой – қиялдарын дамыту. Ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу.	<b>1</b>
<b>Салт-дәстүрлер мен фольклор</b>	Ана – өмірдің нұры	Қол, саусақ қимыл-қозғалыс икемділігін бейімдей отырып дөңгелек пішін салуға үйрету, бояу түстерін ажырату дағдыларын қалыптастыру. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту. Сурет салуға қызығушылықтарын және түстердің үйлесімділігін сезіне білуге тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Ертегілер елінде Театр әлемі	Езілген бояуды қағаз бетіне оңнан солға қарай қылқаламмен жағу арқылы түзу сызықтар сызуды, бояуды үйрету. Қиялдарын дамыту. Балалардың бояумен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын және өз жұмысына деген қуаныш сезімін ояту.	<b>1</b>
	Өнер көзі - халықта	Қағазға батырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету. Саусақ, қол қимыл-қозғалыстары мен икемділіктерін дамыту. Балаларды әсемдікті көре білуге тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Нұр төккен, гүл көктем	Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Қылқаламмен ирек, үзік сызықтарды салуды үйрету. Шығармашылықтарын дамыту. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	<b>1</b>
<b>Б і 3</b>		Балаларды шалғындағы бақбақтың пішінін, әдемілігін сурет арқылы жеткізуге үйрету.	

	Аялайық гүлдерді	Қылқаламмен бояу біліктіліктерін жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Ғарышқа саяхат	Ғарыш туралы, оған қатысты мамандық туралы білім беру. Ғарыш кемесінің жетіспей тұрған бөлігінің суретін қарындашпен салып, бояуды үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Ас атасы – нан	Нанның адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру. Бастырма әдісімен тарелка бетіне (бауырсақтарды) дөңгелектерді бірыңғай етіп орналастыруды үйрету. Саусақ икемділіктерін дамыту. Еңбек адамдарын құрметтеуге тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Көктемгі ағаштар	Жасыл түсті гуашьпен, шөпті бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы салуды үйрету. Қылқаламмен сурет салу дағдыларын жетілдіру. Қолдың қимыл-қозғалыс икемділіктерін дамыту. Әсемдікке тәрбиелеу.	<b>1</b>
Әрқашан күн сөнбесін	Бір шаңырақ астында	Қылқаламмен немесе саусақ арқылы көйлекті дөңгелек пішіндермен (үлкен, кіші) безендіруге үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Саусақтарының икемділігін арттыру, көйлекті әдемі әшекейлеу арқылы ой-қиялдарын дамыту. Балаларда сурет салуға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Бейбітшілік қорғанында	Мерекелік отшашу әдемілігін сурет арқылы жеткізуге, отшашудың суретін салуға үйрету. Бояумен жұмыс істеу тәсілдерін жетілдіру. Қиялдарын дамыту. Әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Жайдарлы жаз келді	Кеңістікті бағдарлай отырып үзік сызықтарды салу дағдыларын бекіту. Құстар үнін тыңдау арқылы қуанышты көңіл-күй туғызу, оны өз іс-әрекетінде маңайындағыларға бере білуге дағдыландыру. Көз мөлшерін дамыту. Құстарға деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.	<b>1</b>
	Бақытты балалық шақ	Алақанмен сурет салғызып үйрету. Тұстану қабілеттерін дамыту. Ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу.	<b>1</b>

Ұйымдастырылған мүсіндеу оқу қызметінің

перспективалық жоспары

(кіші топ)

<i>Өтпелі тақырып</i>	<i>Апталық тақырып</i>	<i>Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы</i>	<i>Сағат саны</i>
<b>Балабақша</b>	<p>Менің балабақшам                      Менің достарым                      Менің сүйікті ойыншық-тарым                      Менің достарым</p>	<p>Домалақ пішінді затты мүсіндеуді үйрету. Ермексазбен оның қасиеттерімен таныстыру, мүсіндеу тәсілімен үйрету. Танымдық қызығушылықтарын, қолдың қимыл-қозғалысын дамыту. Түстерді анықтауды қалыптастыру. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>	<b>0,25</b>

<p style="text-align: center;"><b>Менің отбасым</b></p>	<p style="text-align: center;">Менің отбасым Ата-аналар еңбегі Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік Жомарт күз Менің көшем</p>	<p>Дәрумендер туралы білім беру, түрлі түсті ермексаздан домалақ пішінді дәрумендер мүсіндетіп үйрету. Мүсіндеу тәсілін жетілдіру. Шығармашылықтарын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;"><b>0,25</b></p>
<p style="text-align: center;"><b>Дені саудың жаны сау</b></p>	<p style="text-align: center;">Өзім туралы Дұрыс тамақтану Өзіңе және өзгелерге көмектес Біз күштіміз, ептіміз</p>	<p>Балаларға қолдарына ермексаз беріп, дұрыс мүсіндеуге үйрету. Доптарды көлеміне қарай, түсіне қарай айыруға үйрету. Түрлі түсті ермексазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу тәсілдерін жетілдіру. Қол моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;"><b>0,25</b></p>
<p style="text-align: center;"><b>Менің Қазақстаным</b></p>	<p style="text-align: center;">Тарихқа саяхат ҚР Тұңғыш Президенті Тәуелсіз Қазақстан. ҚР мемлекеттік рәміздері Жайнай бер, Қазақстаным! Жаңа жылдық сыйлық</p>	<p>Жануарлар әлемімен таныстыру, қоянның қысқы тіршілігі туралы білім беру. Ермексазды алақан арасына салып түзу қимылдармен сәбіз жасауды үйрету. Мүсіндеу тәсілдерін дамыту. Ойлауды дамыту. Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;"><b>0,25</b></p>

<p style="text-align: center;">Табигат әлемі</p>	<p style="text-align: center;">Қош келдің, Жаңа жыл! Жануарлар әлемі Аңдардың қысқы тіршілігі Қыстайтын құстар Ғажайып қыс</p>	<p>Дөңгелек пішінді затты мүсіндеуді қалыптастыру. Өлі табиғат құбылысы – жұлдыз туралы білім беру. Кесек ермексаздан кішкене бөліктер үзіп алып, домалақтау тәсіліне дағдыландыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Мүсіндеуге қызығушылықтарын және әсемдікті көре білуге тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;"><b>0,25</b></p>
<p style="text-align: center;">Бізді қоршаған әлем</p>	<p style="text-align: center;">Өлі табиғат құбылыстары Көліктер Техника және біз Мамандықтың бәрі жақсы</p>	<p>Балаларды жеңіл машина дөңгелектерін мүсіндеугі үйрету. Ермексазбен жұмыс істеуге қызығушылықтарын арттыру, танымдық қабілеттерін дамыту. Жолда жүру ережелерін сақтауға тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;"><b>0,25</b></p>
<p style="text-align: center;">Салт-дәстүрлер мен фольклор</p>	<p style="text-align: center;">Ана – өмірдің нұры Ертегілер елінде Театр әлемі Өнер көзі - халықта Нұр төккен, гүл көктем</p>	<p>Ертегілерге қызығушылықтарын қалыптастыру. Алақан арасында домалақтау қозғалысы арқылы, ермексаздан алтын жұмыртқаның мүсінін жасауды үйрету. Тілдерін дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;"><b>0,25</b></p>

<p><b>Біз еңбекқор баламыз</b></p>	<p>Аялайық гүлдерді Ғарышқа саяхат Ас атасы – нан Көктемгі ағаштар</p>	<p>Наубайханашы кәсібі туралы білім беру. Ермексаздан қалаш мүсіндеуге үйрету. Илеу, есу, мыжу тәсілдерін қолдануға дағдыландыру. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын дамыту. Еңбекқор болуға тәрбиелеу.</p>	<p><b>0,25</b></p>
<p><b>Әрқашан күн сөнбесін</b></p>	<p>Бір шаңырақ астында Бейбітшілік қорғанында! Жайдарлы жаз келді Бақытты балалық шақ</p>	<p>Ермексаздан мерекеге сыйлық мүсінін жасауды үйрету. Илеу, есу, мыжу тәсілдерін қолдануға дағдыландыру. Қол моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>0,25</b></p>